

**Жекелеген кеден режимдерінің шеңберінде жүзеге асырылатын қызметті және уақытша сақтау жөніндегі қызмет көрсетулерді лицензиялаудың тәртібі туралы нұсқаулықты бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Бұйрық Мемлекеттік кіріс министрлігі Кеден комитеті 1999 жылғы 3 қараша N 530-Б Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1999 жылғы 12 қарашада тіркелді. Тіркеу N 973. Күші жойылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 2001.02.09. N 46 бұйрығымен. ~V011444

"Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына Z952368\_ және лицензиялау туралы заңдарға U952200\_ сәйкес Бұйырамын:

1. Жекелеген кеден режимдерінің шеңберінде жүзеге асырылатын қызметті және уақытша сақтау жөніндегі қызмет көрсетулерді лицензиялаудың тәртібі туралы нұсқаулық бекітілсін (1-қосымша).
2. Кеден қоймасын, еркін қойманы, уақытша сақтау қоймасын және бажсыз сауда жасайтын дүкенді құруға арналған лицензиялардың нысандары бекітілсін (2, 3, 4, 5-қосымшалар).
3. Құқықтық қамтамасыз ету басқармасы (Мұхамедиева Г.) осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.
4. Кеден режимдерін және кедендік ресімдеуді бақылауды ұйымдастыру басқармасы (Байболов М.) осы бұйрықтың іске асырылуын қамтамасыз етсін.
5. Баспасөз қызметі (Исахан Г.) осы бұйрықтың жариялануын қамтамасыз етсін.
6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
7. Бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

Төраға

Қазақстан Республикасы

Мемлекеттік кіріс министрлігі  
Кеден комитетінің  
1999 жылғы 03.11 N 530-Б

## бұйрығына

### 1-қосымша

Жекелеген кеден режимдерінің шеңберінде жүзеге асырылатын қызметті және уақытша сақтау жөніндегі қызмет көрсетулерді лицензиялаудың тәртібі туралы нұсқаулық

#### 1. Жалпы ережелер

1. Осы Нұсқаулық лицензиялау туралы заңдарға және "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес кеден қоймасын, еркін қойманы, бажсыз сауда жасайтын дүкенді құруға арналған лицензияларды берудің тәртібін, сондай-ақ берілген лицензияларды тоқтата тұрудың, қайтарып алудың тәртібін айқындайды. Лицензияны Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті (бұдан әрі - Кеден комитеті) береді.

2. Кеден органдары лицензияны тиісті үй-жайлары немесе орындары кеден қоймасына, еркін қоймаға, уақытша сақтау қоймасына (бұдан әрі - қоймалар) және бажсыз сауда жасайтын дүкенге қойылатын талаптарға жауап беретін тұлғаларға беріледі.

3. Қоймалардың және бажсыз сауда жасайтын дүкеннің құрылымына және жабдықталуына қойылатын талаптарды Кеден комитеті айқындайды.

#### 2. Лицензия берудің тәртібі

4. Лицензия алу үшін мынадай құжаттар қажет:

1) "Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 17 сәуірдегі N 2201 қаулысын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 29 желтоқсандағы N 1894 P951894\_ қаулысымен бекітілген нысанда лицензия беру туралы тұлғаның өтініші;

2) қызмет аумағында үй-жай немесе орын орналасқан Қазақстан Республикасы кеден органының қоймалардың және бажсыз сауда жасайтын дүкеннің құрылымы мен жабдықтарына қойылатын талаптарға және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес басқа да қойылатын біліктілік талаптарға

сәйкес келуі туралы қорытындысы;

3) лицензиялық алымды төлегені туралы түбіртек.

5. Лицензиялау туралы заңдармен белгіленген негіздемелер бойынша лицензиялар берілмейді.

3. Лицензияның қолданылуын тоқтата тұрудың және лицензияны қайтарып алудың тәртібі

6. Лицензиат лицензияда көрсетілген талаптарды орындамаған жағдайда Кеден комитетінің шешімі бойынша лицензияның қолданылуы алты айға дейінгі мерзімге тоқтатылуы мүмкін.

7. Кеден комитеті қызмет аумағында қоймалары немесе бажсыз сауда жасайтын дүкені тұрған кеден органының қойылған талаптарға сәйкес еместігі туралы не кеден заңдарының бұзылу фактілері туралы қорытындысы негізінде лицензияның қолданылуын тоқтата тұру туралы шешім қабылдайды.

8. Лицензияның қолданылуын тоқтата тұруға түрткі болған себептер жойылғаннан кейін лицензияны қолдануды қайта күшіне енгізу туралы шешім қабылданған күннен бастап лицензияны қолдану қайта күшіне енеді.

Лицензияны қолдануды тоқтата тұру және оның қолданылуын күшіне енгізу туралы шешім Кеден комитетінің бұйрығы нысанында қабылданады.

9. Лицензиялау туралы заңдармен белгіленген жағдайда лицензия сот

тәртібімен қайтарып алынады.

10. Лицензияны қайтарып алу және оның қолданылуын тоқтата тұру "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес кеден ережелерін бұзғаны үшін салынатын жаза түрінде қолданылады.

4. Лицензияның қолдану күшін жою

11. Лицензия:

1) лицензиялар қайтарып алынған;

2) тұлға кәсіпкерлік қызметін тоқтатқан, заңды тұлға қайта құрылған немесе таратылған жағдайда өзінің қолданылуын тоқтатады.

12. Заңды тұлға қайта тіркелген кезде лицензияның қолданылуы сақталады.

5. Қорытынды ережелер

13. Кеден органдарының лицензиялауға байланысты шешімдеріне тұлғалар заңдармен белгіленген тәртіппен шағымдануы мүмкін.

Оқығандар:

Омарбекова А.Т.

Икебаева А.Ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК